

## БӨЛІМ: ФИЗИКА

## Энергия

ЖАРИЯЛАНДЫ  
12.03.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/38981/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Қысқа мерзімді жоспар

Пәні: Физика

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі: 7.2 Мектеп: «Мырзакент мектеп-гимназиясы»

Күні: Мұғалімнің аты жөні: Есенова Т.А.

Сынып: 7 Қатысушылар саны: Қатыспағандар:

Сабақ тақырыбы Күш

Осы сабақта жүзеге асатын оқу мақсаты (оқу жоспарына сілтеме) 7.2.2.2. – күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру.

Сабақ мақсаты Барлық оқушылар істей алады: Күштің физикада негізгі ұғымдардың бірі екендігін біледі.

Көптеген оқушылар істей алады: : Күнделікті өмірден күштің әрекет етуіне мысалдар келтіре алады.

Кейбір оқушылар істей алады: Күштің бағытын анықтай отырып, сызба түрінде көрсете алады.

Бағалау критерийі Күш – денелердің өзара әрекеттесуін сипаттайтын шама екендігін біледі, қандай шамаларға тәуелді екенін сипаттайды. Күштің дененің қозғалыс сипатына қалай әрекет ететінін және сызбада қалай кескінделетінін біледі, өлшемін ХБЖ-е келтіре алады

## Тілдік мақсаттар

Оқушылар:

- Күш ұғымына сипаттама бере отырып, жеке пікір айту: өз ойларын дамытуда, жауаптарды диалог құру арқылы талқылау.
- Оқыту барысында тілдің айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым дағдыларын қалыптастыру.
- Тілдік терминалогия.

қазақша орысша ағылшынша

Инерция инерция inertia

Құбылыс явления phenomenon

Күш сила force

Құндылықтарға баулу

Ойлау қабілетін дамытуда сапалы тапсырмалар бере отырып; өзіндік ой қорытуға ; мақсат қоя білуге баулу.

Пән аралық байланыс Қазақ әдебиеті, тарих, жаратылыстану пәндері

Қосымша білім Біледі: инерция құбылысын біледі

Білуі керек: күш денелердің өзара әрекеттесуін сипаттайтын шама екендігін; күштің немен сипатталатынын және күштің сызда қалай кескінделетінін біледі

Қосымша білім: теорияны практикамен ұштастыра алады

Сабақ барысы

Жоспарланған сабақ кезеңдері Сабақта жоспарланған қызмет (іс-әрекет)

Ресурстар

2 мин

Ұйымдастыру

Топқа бөлу

«Қима қағаз әдісі»

Сабақтың басы

Ой шоғырландыру

«Серпілген сауал»

5 мин

Ауызша кері байланыс

1мин Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сынып тазалығына мән беру.

Ынтымақтастық атмосферасын ұйымдастыру.

Сурет қиындыларын (мозайка) құрастырып топқа біріктіремін.

Тақырыпқа қатысты сөздермен топтастырамын

1-топ «Масса»

2-топ «Күш»

3-топ «Инерция»

«Серпілген сауал» әдісін қолданып , оқушыларға сұрақтар қою арқылы, жаңа сабақтың тақырыбын, мақсатын ашуға бағыттаймын. Талқылауға арналған сұрақтармен түсіну дәрежесін қалыптастырамын

1. Инерция дегеніміз не?

2. Денеге еш нәрсе әрекет етпесе, ол қандай күйде болады?

3. Биіктен секіріп түскенде адам неге тізесін сәл бүгіңкіреді?
4. Жылдам келе жатқан көліктің алдынан кесе көлденең өту қауіпті болатыны неліктен?
5. Кеңістік пен уақыт туралы не айтуға болады?
6. Көлік оңға немесе солға бұрылғанда ондағы жолаушы қалай қарай қисаяды? Неліктен?

Дескриптор:

1. Оқушылар инерция ұғымын біледі.
2. Инерцияға мысалдар келтіре алады.

Сөздер жазылған қима қағаздар

«Кинометафора» әдісі

5 мин

(Білу, түсіну)

тыңдалым,

айтылым

Сабақтың ортасы «Джигсо» әдісі

(Қолдану)

15 мин

Ой бөлісу

5 мин

Кері ібайланыс

2 мин

Жаңа тақырыпты ашу

«Кинометафора» әдісі- бұл әдісті қолданудағы мақсатым:

Тақырыпқа байланысты, бейнефильм көрсетемін. Оқушыларға күш ұғымы жайлы түсінік бере отырып, оқушы бойында тыңдалым, айтылым дағдысын қалыптастырамын .

Дескриптор:

1. Берілген бейнежазбадағы ақпаратпен жұмыс жасай алады.
2. Күш туралы өзіндік ой түйіндеп, қорыта алады.

Жаңа тақырыпты «Джигсо» әдісі - бойынша үш топқа біріктіріп, тақырыпты бөліп беремін. Әр топ өзіне берілген тақырыппен танысып болғаннан кейін « үшеуі қонақта, екеуі үйде» әдісі бойынша бір-біріне түсіндіре отырып, бірін -бірі оқытады. (оқулықпен жұмыс)

1 топ—Күштің сипаттамасын беру

2 топ—Күштің дене козғалысына әрекеті

3 топ - Табиғаттағы күштерге мысалдар

Дескриптор: — Күштің анықтамасын айта алады.

— Күштің әрекет ету бағытын анықтай алады.

— Табиғаттағы күштерге мысалдар келтіре алады.

Оқушылар біздер күнделікті өмірде бір дененің екінші денеге әрекет ететінін көп кездестіреміз. Мысалы қолдың допқа, желдің ағаштың бұтағына, баланың өткеншекке, магниттің темірге т.б

Сұрақ: Сонда бұл әрекеттер қалай жүзеге асады? Ненің әсерінен болады?

Сұрақ: Күш туралы қандай аталы сөздер, мақал-мәтелдер білесіңдер?

Сұрақ: Күшті білудің біздің өмірімізде маңызы неде?

Дескриптор:

1. Күштің физикада негізгі ұғымдардың бірі екендігін біледі.
2. Күш сөзінің мағынасын аша алады.
3. Күштің табиғатта және күнделікті өмірдегі маңызын түсіне біледі.

Бейнефильм

Сабақтың аяғы

5 мин

«Конверт әдісі»

5 мин

Элективті тест

1. Күш дегеніміз .....

- A) дененің көлем бірлігіндегі массасына тең шама
- B) денелердің өзара әрекеттесуін сипаттайтын шама
- C) қашықтыққа байланысты уақыттың өзгерісіне тең шама

2. Күшті қандай әріппен белгілейді?

- A) m B) t C) F

3. Күш бірлігі ретінде ..... қабылданған.

- A) килограмм
- B) Ньютон
- C) метр

4. Күш сызбада қалай кескінделеді?

- A) ұшында бағыты көрсетілген түзу кесінді
- B) бөліктерге бөлінген шеңбер
- C) спираль тәрізді

5.  $0,1 \text{ кН} = \dots \text{ Н}$

- A)  $0,001 \text{ Н}$  B)  $100 \text{ Н}$  C)  $0,001 \text{ Н}$  D)  $1000 \text{ Н}$  E)  $10 \text{ Н}$

6. Бірдей екі дене өзара әсерлескенде төмендегі физикалық шамалардың қайсысы өзгереді?

A) жылдамдық B) масса C) жол D) тығыздық E) көлем

7. Қандай күш 1 Н-ға тең?

A) тыныштық күйдегі массасы 1 кг денеге 1 с ішінде 1 м/с жылдамдық беретін күш

B) массасы 1 кг дененің көлемін 1 м<sup>3</sup>-ке өзгертетін шама

C) бірлік уақыт ішіндегі орын ауыстырудың сол уақытта қатынасына тең шама

Өзін-өзі бағалау

1 2 3 4 5 6 7

В С В А С А А

Дескриптор:

1. Күш анықтамасын біледі, физикалық мағынасын түсінеді
2. Күштің ХБЖ жүйесіндегі өлшем бірлігін жаза алады.
3. Еселік және үлестік өлшем бірліктерге түрлендіреді.

«Басбармақ» әдісі арқылы бағалау

«Конверттегі сұрақ» әдісі бойынша оқушыларға арнайы конвертке сұрақтар жазып таратылады. Әр оқушы өз атын және сұрақтың жауабын жазып конвертке салады. Бір-бірімен конверт алмасады. Соңында бірнеше жауапты дауыстап оқып, сұрақтың қаншалықты дұрыстығын талқылайды.

1. Бір дененің екінші денеге әрекеті қалай байқалады?

2. Физикада біз күш деген сөзді қалай түсінеміз?

3. Күш дененің қозғалыс сипатына қалай әрекет етеді?

4. Күш немен сипатталады?

5. Күш сызбада қалай кескінделеді?

6. Күш өлшем бірлігіне не қабылданған?

Дескриптор:

1. Бір дененің екінші денеге әрекеті күш екенін біледі.

2. Күш дененің қозғалыс сипатына қарай әрекет ететінін түсінеді.

3. Күштің белгіленуін жаза алады.

4. Өлшем бірлігін айтады, ХБЖ- не келтіреді.

Үйге тапсырма : Күш ұғымы туралы өз ойын қорытындылап, шағын эссе жазу.

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

«Серпілген сауал» әдісі бойынша өткен тақырыпқа байланысты жүйелі сұрақтар қоя отырып, оқушыларды жаңа тақырыптың мақсатын ашуға бағыттаймын. Талқылауға арналған сұрақтар бойынша түсіну дәрежесін қалыптастырамын.

«Кинометафора» әдісіне негізделген бейнекөрсетілімнен кейін оқушылар өз ойын еркін айта алады, нақты жауап бере алады.

«Элективті тест» арқылы барлық оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастырамын.

«Конверттегі сұрақ» әдісінде жаңа тақырыпты барлық қырынан ашатындай сұрақтар беремін. Бұл оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытады, кейбір оқушылар өзін көш басшы ретінде таныта алады.

■Ынталандыру, қолдау көрсету.

■ Смайликтір арқылы бағалу

■Ауызша және жазбаша кері байланыс

■Басбармақ арқылы бағалау Оқушыларға сабақ барысында сақталатын өмір қауіпсіздік негіздері мен техникалық қауіпсіздік ережелері туралы ескерту

АСабақ бойынша рефлексия

Оқу мақсаттары шынайы болды ма? Барлық оқушылар ОМ жетті ме? Егер жетпесе неге? Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттары сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неге?

Осы бөлімде сабақ туралы ойланыңыз. Сол жақтағы бағанның негізгі сұрақтарына жауап беріңіз.

Жалпы бағалау

Сабақтың екі көрінісі жақсы өтті (оқыту мен қатар оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға ненің әсері тиуі мүмкін (оқыту мен қатар оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында мен сыныппен бөлек оқушылар туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу керек?

КМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.